



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2021 жылғы 6 қазандағы
№ ДС-298

Құрметті депутаттар!

Мұздатылған, тоңазытылған сиыр етін Қытай Халық Республикасына (бұдан әрі – ҚХР) экспорттауға қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін сыртқы нарықтарға, оның ішінде ҚХР нарығына ілгерілету мақсатында импорттаушы елдердің ветеринариялық талаптарын келісу, жеткізушілердің шетелдік тізілімдеріндегі қазақстандық кәсіпорындардың тізбесін кеңейту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қазіргі уақытта тірі жануарлар мен жануарлардан алынатын өнімдерді экспорттау үшін Иран, Еуропалық Одақ елдері, Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы Корольдігі, Моңғолия, Жапония, Түркия, Корея, Грузия, ҚХР нарықтары ашылды.

Анықтама ретінде:

ҚХР – қой еті, шошқа еті, жылқы тұқымдас тірі жануарлар (асыл тұқымды және сойылған), балық өнімдері, бал, сүт өнімдері, жүн шикізаты;

Иран – тірі ҰМ, мұздатылған және тоңазытылған қой еті, сиыр еті, ҰМ субөнімдері, тауық жұмыртқасы;

Еуропалық Одақ елдері – балық, аңшылық олжалары, азықтар;

Біріккен Араб Әмірліктері – ет және ет өнімдері, тауық жұмыртқасы және үй құсы;

Сауд Арабиясы Корольдігі – ІҚМ және союға арналған ҰМ;

Моңғолия – асыл тұқымды ІҚМ, тағамдық жұмыртқа, құс еті;

Жапония – жылқы еті;

Түркия – өңделмеген ІҚМ терісі.

Корея – ірімшік;

Грузия – сиыр еті.

Жалпы, соңғы бес жылда 461,9 млн. АҚШ долларына 407,3 мың тонна мал шаруашылығы өнімі экспортталды, оның ішінде ҚХР-ға 63,2 млн. АҚШ долларына 53,9 мың тонна мал шаруашылығы өнімі экспортталды.

Айта кету керек, ҚХР азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, импортталатын мал шаруашылығы өнімдеріне үлкен мән береді және өз нарығына, ең алдымен, ветеринариялық тәуекелі төмен мал шаруашылығы өнімдеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сауда-саттықта жеткілікті тәжірибе жинақтаған және ветеринариялық талаптардың орындалуын бағалаған кезде, ҚХР жоғары ветеринариялық қауіпті өнімдер үшін нарық ашады.

Осыған байланысты, ҚХР-ға сиыр етін жеткізуді жүзеге асыру үшін Қазақстанның аусыл бойынша саламаттылығы мәртебесін тану бойынша жұмыс жүргізілді, оның қорытындысы бойынша 2018 жылғы мамырда ҚХР осы мәртебені мойындады.

2018 жылғы маусымда Қазақстан мен ҚХР арасында мұздатылған сиыр етін Қазақстаннан ҚХР-ға экспорттау жөніндегі Хаттамаға қол қойылды.

2018 жылғы қарашада ҚХР сарапшылары сиыр етін өндіретін қазақстандық кәсіпорындарға, сондай-ақ Қазақстанның ветеринариялық қызметі нодулярлық дерматитпен күрес бойынша қабылдап жатқан шаралар бойынша инспекциялау жүргізді.

Жоғарыда көрсетілген инспекциялардың қорытындылары бойынша 2019 жылғы қаңтарда нодулярлық дерматит бойынша шектеулер алынып тасталды және 2019 жылғы мамырда мұздатылған сиыр етін ҚХР-ға экспорттауға құқығы бар кәсіпорындардың тізіліміне 4 қазақстандық кәсіпорын енгізілді.

Нәтижесінде 2019-2020 жылдары Қазақстаннан ҚХР-ға 17,4 млн. АҚШ доллары сомасында 4 663,3 тонна мұздатылған сиыр еті экспортталды. Бұл ретте, егер 2019 жылға дейін экспортталатын негізгі тауарлар балық өнімдері (55%), жүн (33,4%) болса, 2019 жылдан бастап экспорттың негізгі үлесі мұздатылған сиыр етіне тиесілі.

Коронавирустық инфекцияның пандемиясына байланысты ҚХР нарығы уақытша жабылып, мұздатылған сиыр етінің экспорты 2020 жылдың шілдесінен бастап тоқтатылды.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 29 қазанында Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетінің Ауыл шаруашылығы өнімдерімен ынтымақтастық және сауда жөніндегі жұмыс тобының отырысы өткізіліп, оның шеңберінде ҚХР-ға салқындатылған сиыр етін жеткізу мәселесі талқыланды. Талқылау қорытындысы бойынша салқындатылған сиыр етінің экспортын ашу мақсатында қажетті құжаттаманы дайындауды бастау туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Р. Скляр